КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 15 тамыз іс №1912-24-00-2/951 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ш.Н.Ргебек
сот отырысының хатшысы А. Қойтан ала отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қарасай клиникалық көп бейінді орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Хамитова Сания Байбулатовна ұсынған «Хамитова С. Б.» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Айыппұл өндірүлі туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Жәкенова А.Б. - талап қоюшының өкілі

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 13 ақпанда «Қарасай клиникалық көпсалалы орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) мен «Иманқұлов Дауржан» жеке кәсіпкер (бұдан әрі – Жеткізуші) арасында №103 келісім Шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалды, оған сәйкес Жеткізуші тауарларды жеткізуге міндетті: 1. Ультрадыбыстық қадаға, (Avalon fm30 аппаратының ультрадыбыстық токсенсоры ультрадыбыстық сенсор арқылы ұрықтың сыртқы жүрек ритағы мен қозғалысын, жүктілік және босану кезінде ЭКГ электродтары арқылы ананың ток-сенсоры мен ЭКГ көмегімен жатырдың жиырылу белсенділігін өлшеуге арналған); жеткізу орны: Алматы облысы,

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 19.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.09.2025, судья Ргебек Ш. Н., 01.10.2025
1912-25-3-1/990

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Жанғозина 14, ҚҚС-сыз жалпы сомасы 264 000.00 (екі жүз алпыс төрт мың теңге нөл тиын) теңге.

Әрі қарай, шарттың талаптары Тапсырыс беруші мен Жеткізуші келісілген және бекітілген кезде, Тапсырыс беруші Шартқа өз тарапынан қол қойып, оны Жеткізушіге жібереді.

Сондай-ақ, шарт бойынша өнім беруші Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы құрайтын Шарттың сомасының 13 200.00 теңгеге тең бес пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, сондай-ақ 6 000.00 теңгеге тең Заңның 13-бабына сәйкес соманы енгізуге бұл жалпы 19 200.00 (он тоғыз мың екі жүз теңге нөл тиын) теңгені құрайды.

7.4 тармағына сәйкес. Жеткізуші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауарды жеткізу мерзімі аяқталған күннен бастап күнтізбелік 15 күннен астам мерзімге, бірақ Шарттың қолданылу мерзімінен кешіктірмей Тауарды жеткізуді кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Тапсырыс берушіден Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. өсімпұл) әрбір кешіктірілген күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде.

Осыған орай, 15 сәур 2025 жылы Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу порталы арқылы шартты бұзу туралы хабарлама жіберді. Жеткізуші хат алмасудың скриншотымен расталған келісім-шартты бұзу туралы хабарламаны оқыды.

Осыған байланысты талап қоюшының тарапынан осы талап қою сотқа жүгінген.

Жаупкер сот отырысына негізсіз жағдаймен қатыспағандықтан, сот, АПК гін 4 тармағы 196 бабынаң басшылыққа ала отырып, жауапкердің қатысуысыз істі қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР Заңының (бұдан әрі – заң) 12-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Уәкілетті орган мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастырады және оларға Заңның 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкесөздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер тізбесін білдіреді. Осылайша, Жауапкер шарт бойынша міндеттеменің орындалмауына байланысты Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуі тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Ғтебек Ш. Н., 19.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2025, судья Ғтебек Ш. Н., 01.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерің толығымен орындамаған. Осы себебте екі тараптардың арасында жасалған шарт талап қоюшынын тарапынан бір жақты бұзылды.

Осы негіздермен, мемелекеттік сатып алуының жосықсыз қатысушы деп жауапкер танылады.

Сонымен қатар, Шарттың 7.3-тармағына сәйкес Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындау кәжет болғанына байланысты, жұмыстың орындамағаның ескере отырып, шартта көрсетілген 29 күнге тұрақсыздық айыбын төлемегенің ескере отырып, талап қою қанағаттандыруға жататын деп санайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қаңағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы БСН 100340000118 "Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қарасай клиникалық көп бейінді орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер ЖСН 840515451104 Хамитова Сания Байбулатовна ұсынған жеке кәсіпкер «Хамитова С.Б.» қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қаңағаттандырылсын.

Хамитова Сания Байбулатовна ұсынған «Хамитова С.Б.» жеке кәсіпкер өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Хамитова Сания Байбулатовна ұсынған «Хамитова С.Б.» жеке кәсіпкердің атынан Қонаев қаласының жергілікті бюджетке 19 200 (он тоғыз мың екі жүз) теңге айыппұл өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Ғребек Ш. Н., 19.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2025, судья Ғребек Ш. Н., 01.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Хамитова Сания Байбулатовна ұсынған «Хамитова С.Б.» жеке кәсіпкерден Талап қоюшы БСН 100340000118 "Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қарасай клиникалық көп бейінді орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнің пайдасына 3 932 (үш мын тоғыз жүз отыз екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ш.Н.Ргебек**

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 19.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2025, судья Ргебек Ш. Н., 01.10.2025